

Бекітемін:

ЖШС «Ажар Ана-2017» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі:

А.Тұрсынбаева



Эстафеталық жарыс



Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боласың»

Тәрбиеші: Жунисова Т. Саметова С.

2022-2023ж

Шынықсаң шымыр боласың

(эстафеталық жарыс)

Жүргізуші: Құрметті балдырғандар, спортшылар! Сіздерді «Шынықсаң шымыр боласың» атты эстафеталық жарысқа қатысуға шақырамыз! Сіздерге зор денсаулық жарыста сәттілік тілейміз.

Мақсаты: Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру. Дене шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылландыру, этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Көрнекіліктер: кетпелдер, кап, арқан, құрастырғыш

Жүргізуші: Көңіл қойып қараныз,

Жалындап тұрғой баламыз.

Жарыссың көне екі топ

Қол соғып қарсы аламыз.

— деп ортаға Сұңқар тобы мен Тұлпар тобын ортаға шақырамыз.

№1 топ - «Сұңқар» тобы

№2 топ - «Тұлпар» тобы



Топтардың сәлемдесуі.

Сұңқар тобы: Сұңқар тобы алға биіктерге самға!

Тұлпар тобы: Тұлпар тобы самғаймызжарыстан еш қалмаймыз!

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп жеңіске жетіндер. Еңдеше жарысымызды бастаймыз.

Эстафеталық жарыс 5 – этаптан тұрады.

1. «Кім шапшаң?» (Кедергілер арқылы жүгіру)

2. Кім жылдам? Қаппен секіру

3. Арқанмен кегілерді құлату

4. Кім күшті? Арқан тарту

5. Топпен ойыншықтарды құрастыру

Балаларымызға өз әділ бағаларын беретін әділ қазылар алқасымен танысайық.

Жәудір Серікбайқызы

Ұлайша Шегенова

Смаилова Қарлығаш

1-этап. «Кім шапшаң?» Кедергілер арқылы жүгіру.

Шарты: Кедергілер арқылы жылдам жүтіріп келу

Әділ қазылар алқасы бағалап өтсеңіздер



2-этап Кім жылдам? Қаппен секіру

Шарты: Балалар қаппен секіріп келеді.

Әділ қазылар балаларға 2 шарт бойынша өз бағаларыңызды айтсаңыздар.

3-этап. Арқанмен кегіліктерді құлату.

Шарты: Екі топтың баласы бір арқанмен байланып екі шеттегі кегіліктерді құлату керек.

Әділ қазылар алқасы бағаларыңызды берсеңіздер.

4-этап. « Кім күшті ? Арқан тарту.

Шарты: Екі топтың балалары топ болып тартылады.

Әділ қазылар алқасы екі топқа өз бағасын берсеңіздер.

5-этап.Топпен ойыншықты құрастыру.

Шарты: Топ болып барлық балалар бұзылған ойыншықтарды өз ретімен құрастыру.

Қазылар алқасы балаларға өз бағаларын берсеңіздер.

Жүргізуші: Бүгін міне, оң болып әр ісіміз.

Жоғары боп күш жігер намысымыз.

Осылайша қуанышпен думандатып,

Аяқталды халайық жарысымыз! - деп отырып қазылар арқасына сөз береміз.

Екі топтың бағаларын салыстырып, жеңімпаз топты атасаныздар.Топтарға марапат қағаздары тапсырылды

Жүргізуші: Ендеше бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті.